

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 2002 жылғы 27 желтоқсан N 143з

Бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:
көрсетілген қаулыға 46-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру шараларының жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаны іске асыру шаралары (шағ.бағ.)" деген 5-бағанында:

"Хирургиялық сүйекті жинақ - 1" деген сөздер алынып тасталсын;

"Операция үстелі - 2" деген сөздерден кейін "Электронды СО2 - эндофлактор жиынтығы - 1; Стационарлық хирургиялық жарықшам - 5; Аутокон - 1; Спирометр - 1; Урологиялық үстел - 1; Колонофиброскоп - 1; Портативті дефибриллятор - 1; Көлденең бу стерилизаторы - 3; Құрғақ қыздырғыш стерилизатор - 3" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі